1. Тақырыбы: Гипертониялық криз кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек.

2. Мақсаты: Гипертониялық криздің сипаттамасын, клиникалық көріністерін үйрену. ГК кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеру. Тақырыпты меңгерген соң, студент бақылау жұмысының өзіне тиісті варианттарын орындау қажет.

3. Оқыту міндеттері:

- студенттерді «Гипертониялық криз» түсінігімен таныстыру
- студенттерге ГК диагностикалауды үйрету;
- ГК кезінде көмек көрсетуді үйрену;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базисті білімі бойынша:

- ГК анықтамасы және жіктемесі;
- ГК этиологиясын, патогенезін және клиникасын білу;

Сабақ тақырыбы бойынша:

- түрлі ГК ерекшеленетін белгілері;
- ГК негізгі симптомдары;
- ГК жағдайында жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетуде қолданылатын дәрілік заттар;
- ГК кездерінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету шараларының ауқымы және кезектілігі;

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары: Шағын топтардағы жұмыс.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ситуациялық есепті талқылау

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

Негізгі білімін бақылау тесттері

1. Қатты бастың ауруы, жүрек айну, құсу, көз алдында жұлдызшалардың көрінуі, кернеулі пульс...болады.

- a) гипертониялық кризде
- b) естен тануда
- c) коллапта
- d) стенокардияда
- e) жіті панкреатитте

2. Гипертониялық кризге қоса науқаста демнің қысылуы және жиі көпіршікті қызғылт қақырық қосылды, бұл...тән.

- a) өкпе ісінуіне
- b) крупозды пневмонияға
- c) өкпеден қан кетуге
- d) өкпе артериясының тромбоэмболиясына

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 27беті	

е) гемотораксқа

№ 9 сабақ

- 1. Тақырыбы:** Аллергиялық реакциялар кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек. Анафилактикалық шок.
- 2. Мақсаты:** Аллергия жағдайларын диффдиагностика жасауды және жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету үйрену. Анафилактикалық шок, олардың алдын алуды және осындай науқастарға жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету ерекшеліктерімен танысу. Тақырыпты меңгерген соң, студент бақылау жұмысының өзіне тиісті варианттарын орындау қажет.
- 3. Оқыту міндеттері:**
 - студенттерге аллергия жағдайларын диагностикалауды үйрету;
 - аллергия және анафилактикалық шок кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету алгоритмін үйрету;
 - жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмектің ауқымын және кезектілігін анықтауды үйрету.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
Базисті білімі бойынша:
 - Аллергия жағдайлары (этиология, патогенез);
 - анафилаксияның кезеңдері;
 - анафилактикалық шоктың түрлері;**Сабақ тақырыбы бойынша:**
 - аллергия жағдайлары;
 - «шок» түсінігі;
 - АШ клиникасы, түрлері;
 - бірінші көмек көрсету алгоритмі.
- 5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:**
 Шағын топтардағы жұмыс
- 6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Клиникалық жағдайды талдау (CbD – Casebased Discussion).
- 7. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз.
- 8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).**
Негізгі білімін бақылау тесттері
 1. Альговердің шокты индексі ... сипаттайды.
 - а) систолалық артериалды қан қысымының диастолалық қан қысымына қатынасын
 - б) пульс жиілігінің систолалық артериалды қан қысымының көлеміне қатынасын
 - в) пульс жиілігінің диастолалық қан қысымына қатынасын
 - г) систолалық қан қысымының пульс жиілігіне қатынасын
 - д) пульс жиілігінің тыныс алу жиілігіне қатынасын
 2. Шокқа қарсы іс-шараларға ... тән емес.
 - а) тыныс алу және жүрек қызметін бірқалыпты ұстап тұру
 - б) қан кетуді тоқтату және қан жоғалтуды біршама қалпына келтіру
 - в) ауырсынуды басу және иммобилизациялау
 - г) жараға асептикалық таңғыш қою
 - д) жарақаттаушы әсерден босату
 3. Анафилактикалық шок кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмектегі жедел жәрдемде мына дәрілерді енгізу болып табылады:
 - а) адреналиндер



- b) глюкокортикостероидтар
 c) антигистаминді дәрілер
 d) сары су
 e) глюкоза
4. 28 жастағы науқас әйел саяжайда құлпынай жеген. 2 сағат бұрын ауыр тыныс алу, мойын аймағында қысу сезімі, жұтыну кезінде ынғайсыздық пайда болған.
- a) көмейдің аллергиялық ісігі
 b) жұтқыншақтың аллергиялық ісігі
 c) катаралды баспа
 d) жедел ларингит
 e) жұтқыншақ артындағы абсцесс
5. Тіс дәрігері қабылдауына 57 жастағы ер кісі келді, бөлмеде кенеттен тұншығу ұстамасы басталды. Стол шетіне сүйеніп орындыққа отырды, беті – цианозды, үрейлі, кеудесі – бочка тәрізді. Экспираторлы ентігу, алыстан естілетін құрғақ, ысқырықты сырылдар. Осы жағдайда қолданылатын дәрі:
- a) сальбутамол
 b) папаверин
 c) либексин
 d) тусупрекс
 e) анальгин
6. 39 жастағы науқас мейрамханадағы ас мәзірі кезінде екінші тағамға шаянды қолданғаннан кейін бетінің ісінуіне, қысылуына шағымданды. Объективті: бет терісінде, қабағында, ернінде тері үстілік ісінулер байқалады, жұмсақ, боз, қызғылт түсті. Дене қызуы, тамыр соғысы, ҚҚ қалыпты, іші жұмсақ. Науқаста дамыған жіті жағдай:
- a) дәрілік аллергия, жедел есек жем
 b) дәрілік аллергия, Квинке ісігі
 c) дәрілік аллергия, анафилактикалық шок
 d) дәрілік аллергия, Лаела синдромы
 e) инсектті аллергия, анафилактикалық шок
7. Дәрігер стоматолог 1 пайыздық новокаин ертіндісімен жансыздандырудан кейін, тісін жұлу отасы барысында науқаста кенеттен тері қабаты бозарып, ентігу, қорқыныш, шайнау еттерінің құрысулары, ҚҚ 90\50 с.б-на дейін төмендеуі, тамыр соғысы жіп тәрізді, әлсіздік пайда болды. Диагноз қойыңыз:
- a) анафилактикалық шок
 b) жіті миокард инфаркты
 c) жіті есек жем
 d) Лайелла синдромы
 e) ӨАТЭ
8. 28 жастағы науқас әйел бау-бақшада құлпынай жегеннен 2 сағаттан кейін ауыр тыныс алу, мойын аймағында қысу сезімі, жұтыну кезінде ынғайсыздық пайда болған. Диагноз қойыңыз:
- a) көмейдің аллергиялық ісігі
 b) жұтқыншақтың аллергиялық ісігі
 c) катаралды баспа
 d) жіті ларингит
 e) жұтқыншақ артындағы абсцесс
9. Нормоволемия кезінде Альговер шокты индексі...тең.
- a) 0,5

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 29беті	

- b) 0,1
- c) 1,0
- d) 1,5
- e) 2,5

№10 сабақ

1.Тақырыбы: Естен тану және коллапс кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек..

2.Мақсаты: Жәбірленушілерде және кенеттен ауырғандарда естің бұзылуының негізгі түрлерін оқып-білу, науқастарға немесе жәбірленушіленгі шұғыл көмек көрсетудің жалпы принциптерін талқылау. Қарапайым клиникалық белгілеріне қарай естен тану, коллапсты ажырата білу, клиникалық симптоматикаларын ажыратып, бұндай науқастарға біріншілік көмек көрсету ережелерін білу. Тақырыпты меңгерген соң, студент бақылау жұмысының тиісті варианттарын орындау қажет.

3. Оқыту міндеттері:

- студенттерді естен тану, коллапс жағдайларын диагностикалауға үйрету;
- студенттерді естен тану, коллапс жағдайларында көмек көрсетуге үйрету;
- жәбірленушіге көмек көрсету барысында қателесетін іс-шараларды болдыртпау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базисті білімі бойынша:

- Естен тану және коллапс объективті және субъективті көрсеткіштерді;
- Естен тану және коллапстың негізгі симптомдары:

Сабақ тақырыбы бойынша:

- есті жоғалтудың клиникалық белгілері;
- естің бұзылуына алып келетін аурулар мен зақымданулардың негізгі сипаттамалары;
- естен тану, коллапс жағдайларының диффдиагностикасы, клиникасы, дәрігергі дейінгі шұғыл көмектің ауқымы;
- ес-түссіз жағдайдағы науқасты тасымалдаудың ерекшеліктері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сұрау

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

Негізгі білімін бақылау тесттері

1. Қысқа мерзімге бас миы қызметінің бұзылуы және естің жоғалуын сипаттайтын бассүйек-ми жаракаты ... деп аталады.

- a) бас миының шайқалуы
- b) бас миының қысылуы
- c) бас миының соғылуы
- d) бас миының жаралануы
- e) бас ми қанайналымының жіті бұзылысы

2. Бас миының бассүйек ішілік гематомамен қысылуы, бассүйек-ми жаракаттарының басқа түрлеріне қарағанда ... сипатталады.

- a) «ашық аралықтың» болуымен
- b) сөйлеу қызметінің бұзылуымен
- c) тыныс алу қызметінің бұзылуымен

- d) жүрек қызметінің бұзылуымен
e) қозғалыс қызметінің бұзылуымен
3. Бас миы шайқалуының негізгі белгісіне ... тән.
a) қысқа мерзімге естің жоғалуы
b) ликвордың ағуы
c) анизокория
d) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
e) аяқ қолдың гемипарезі
4. Суға батқан жәбірленуші, құтқарып алған соң, ес-түссіз жатса, ... тасымалдау керек.
a) ішімен жатқызып, зембілдің аяқ жағын көтеріп
b) арқасымен жатқызып, басын көтеріп
c) арқасымен жатқызып, зембілдің бас жағын төмен түсіріп
d) ішімен жатқызып, зембілді горизонтальді күйде ұстап
e) арқасымен жатқызып, зембілдің аяқ жағын көтеріп
5. Миокард инфарктінің қарапайым белгілеріне ... жатады.
a) 20-30 минутқа созылатын төс артының ауыруы
b) артериялық қан қысымының жоғарылауы
c) артериялық қан қысымның төмендеуі
d) бас ауыруы, жүрек айну, құсу
e) қайталамалы естен тану жағдайлары
6. Гипогликемиялық комадағы тері ... болады:
a) ылғалды
b) қызарған
c) сарғайған
d) құрғақ
e) ісінген
7. Эпилепсиялық ұстама кезінде бірінші кезекте:
a) тілді тістеп қалмауды қадағалау
b) объективті тексеру жүргізу
c) асфиксияны болдырмау
d) тырысуды болдырмау
e) тыныштандыратын дәріні енгізу
8. Бас ми жаракатымен ауруханаға түскен науқастың сыртқы ортаға селқостығы, тітіркендіру ауырсынуына көз ашпауы, қозғалыс координациясының сақталмауы, еріксіз кіші дәретінің шығуы байқалады. Жалпы жағдайын бағалаңыз:
a) сопор
b) әлсіз кереңдік
c) терең кереңдік
d) жеңіл кома
e) терең кома
9. Гипогликемиялық кома кезіндегі шұғыл көмек ... енгізу.
a) глюкозаны көк тамырға
b) инсулинді тері астына
c) дибазолды көк тамырға
d) гепаринді көк тамырға
e) физиологиялық ерітіндіні көк тамырға

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 31беті	

10. 18 жасар қыз-бала қанды көргеннен соң есінен танып қалды, тері қабаты бозғылт, тершеңдік. ҚҚ 80/60 с.б., тамыр соғысы минутына 60 рет. Емдік мақсатта пайдалануға болады:
- кереуеттің аяқ жағын көтеру
 - тіл астына валидол таблеткасын беру
 - кереуеттің бас жағын көтеру
 - қаншығару
 - қыша қою
11. 52 жастағы науқас кенеттен есінен айырылды. Туыстарының айтуынша қант диабетімен ауырады, инсулинді тері астына қабылдайды. Жалпы жағдайы ауыр, терісі бозғылт, тер басқан, өкпесінде везикулярлы тыныс жүрек тондары әлсіреген, ырғағы дұрыс, ЖСС – 90 мин. АҚ 100/60 мм с.б. Осы жағдайда науқасқа бір шыныаяқ ... берген тиімді.
- тәтті шәйді
 - сүтті
 - шәй лимонмен
 - қою кофені
 - айранды
12. Науқасты қараған кезде: қысқа уақыттық естен тану, терінің бозаруы, аяқтың мұздауы, тамыр соғысының баяулауы, артериялық қысымы 100/60мм.рт.ст.
Болжама диагнозы:
- талу
 - коллапс
 - криз
 - кома
 - шок
13. Қанды көрген кезде науқас талып қалғанда орындалатын іс әрекет:
- мүсәтір спиртті мақтаны иіскеуге беру
 - басын көтеріп жатқызу
 - науқасты горизонтальды жатқызу
 - таза ауамен қамтамасыз ету
 - тілдің астына нитроглицеринді салу
14. Коллапс кезіндегі науқасты тасымалдау...қалпында іске асырылады.
- Тренделенбург
 - ішпен жатқызу
 - жартылай айналдыра
 - қатаң отырғызған
 - арқасымен жатқызып, басын түсіріп, аяғын көтерген

№ 11 сабақ

- Тақырыбы:** Ми қанайналымының жіті бұзылысы кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетудің қағидалары.
- Мақсаты:** Ми қанайналымының жедел бұзылыстары кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық іске асыру, жоспарлау, ұйымдастыру бойынша білім мен дағды қалыптастыру.
- Оқыту міндеттері:**
 - Ми қанайналымының жедел бұзылыстарында дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді үйрету;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Ми қанайналымының жедел бұзылыстарының клиникасы
- Ми қанайналымының жедел бұзылыстарының диагностикасы
- Ми қанайналымының жедел бұзылыстары кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық;

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сұрау

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған**бақылау түрлері:** Тест тапсырмаларын шешу**7. Әдебиет:** Соңғы бетті қараңыз.**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).****Бақылау тесттері**

1. Бассүйек негізі сынығының негізгі белгісіне ... тән.
 - a) мұрыннан немесе құлақтан ликвордың ағуы
 - b) жүрек айну және құсу
 - c) анизокория
 - d) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
 - e) аяқ-қолдың гемипарезі
2. Бассүйек-мидың тесіп өткен жарақатына ... тән.
 - a) мидың қатты қабығының бүтіндігінің бұзылуы
 - b) бассүйек негізінің сынығымен сипатталатын жарақаттар
 - c) бастың жұмсақ ұлпаларының және бассүйек асты апоневроздың бүтіндігінің бұзылуы
 - d) бас ми затының зақымдалған жарақаты
 - e) бастың жұмсақ ұлпаларының бүтіндігінің бұзылуы
3. Қысқа мерзімге бас миы қызметінің бұзылуы және естің жоғалуын сипаттайтын бассүйек-ми жарақаты ... деп аталады.
 - a) бас миының шайқалуы
 - b) бас миының қысылуы
 - c) бас миының соғылуы
 - d) бас миының жаралануы
 - e) бас ми қанайналымының жіті бұзылысы
4. Бас-ми затының бұзылуымен сипатталатын бассүйек-ми жарақаты ... деп аталады.
 - a) бас миының соғылуы
 - b) бас миының шайқалуы
 - c) бас миының жаралануы
 - d) бас миының қысылуы
 - e) бас миының жарақаты
5. Бас миының бассүйек ішілік гематомамен қысылуы, бассүйек-ми жарақаттарының басқа түрлеріне қарағанда ... сипатталады.
 - a) «ашық аралықтың» болуымен
 - b) сөйлеу қызметінің бұзылуымен
 - c) тыныс алу қызметінің бұзылуымен
 - d) жүрек қызметінің бұзылуымен
 - e) қозғалыс қызметінің бұзылуымен
6. Бас миы шайқалуының негізгі белгісіне ... тән.
 - a) қысқа мерзімге естің жоғалуы
 - b) ликвордың ағуы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 33беті	

- c) анизокория
 d) оң мәнді «көзілдірік» синдромы
 e) аяқ қолдың гемипарезі
7. Психотропты әсері бар заттарға жатады:
- a) барбитураттар, нейролептиктер, антидепрессанттар
 b) жүрек гликозидтері, антиаритмиялық препараттар
 c) антигистаминдер, стероидты гормондар
 d) антибиотиктер, сульфаниламидтер
 e) антигипертензиялық препараттар, спазмолитиктер
8. Бас ми жаракатымен ауруханаға түскен науқастың сыртқы ортаға селқостығы, тітіркендіру ауырсынуына көз ашпауы, қозғалыс координациясының сақталмауы, еріксіз кіші дәретінің шығуы байқалады. Жалпы жағдайын бағалаңыз:
- a) сопор
 b) әлсіз кереңдік
 c) терең кереңдік
 d) жеңіл кома
 e) терең кома
9. Бас миының қысылуы ... нәтижесінде дамиды.
- a) бас миының ісігі
 b) бассүйек ішілік қысымның жоғарылауы
 c) бастың жұмсақ ұлпаларының жоғарылауы
 d) бас миының қатты қабығының жаралануы
 e) бас миының шайқалуы

Ситуациялық есеп № 1 60 жастағы ер кісі, тілдің күрмелуіне, жалпы әлсіздік, басының айналуы, бас ауруы, оң аяқ-қолының және оң жақ бетінің ұюына шағымданды. Объективті: ҚҚ 120/70 с.б., тамыр соғысы минутына 68 рет. Оң жақ езуі және оң қабағы төмен салбыраған. Аяқ-қолының сезімталдығы төмендеген. Аяқ-қолдың оң жақтан күші азайған. Жүрісі өзгерген: оң аяғы аздап сырылып басады. Сөзі өзгерген: сөзі анық айтылмайды, сөздің соңы түсініксіз. Сөзді түсінуі сақталған. Науқастағы пайда болған жіті жағдай:

Ситуациялық есеп № 2 Жолдың шетінде орта жастағы ер кісі жатыр, ессіз. Объективті : сөзге келмейді, тілі жоқ, ауырсыну реакциясы сақталған. Бетінде көптеген соғылған, жыртылған, жаракат, маңдай тұсында тері асты гематомасы байқалады. Басының шашты бөлігінің терісі бүтін, желкесінде тері асты гематомасы бар. Сол көз қарашығы сәл кеңейген, оң көзге қарағанда. ҚҚ 80/60 с.б., тамыр соғысы минутына 64 рет, тынысы, беткей, жиі, тыныс алу жиілігі минутына 26 рет. Науқаста дамыған жіті жағдай:

№ 12 сабақ

- Тақырыбы:** Қайғылы оқиғалар: электрожаракат, суға бату, странгуляциялық асфиксия, қызып кету, суық өтіп кету кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету қағидалары.
- Мақсаты:** Қызып кету, суық өтіп кету, электрожаракат, суға бату, странгуляциялық асфиксия кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық іске асыру, жоспарлау, ұйымдастыру бойынша білім мен дағды қалыптастыру.
- Оқыту міндеттері:**
 - студенттерге шұғыл медициналық көмек ұжымдарының жәрдем мөлшері, құрылымы, жабдықталуы, ұйымдастырылуы жөнінде білім беру;



- қызып кету, суық өтіп кету, странгуляциялық асфиксия кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетуді үйрету;
- табиғи апат орындарында төтенше жағдайларда ұйымдастырылған, медициналық және жұкпалы – гигиеналық іс – шараларды іске асыруды үйрету;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- қызып кету, клиникасы, диагностикасы, шұғыл көмек;
- суық өтіп кету, клиникасы, диагностикасы, шұғыл көмек;
- странгуляциялық асфиксия клиникасы, диагностикасы, шұғыл көмек;
- электрожарақат, клиникасы, диагностикасы, шұғыл көмек;
- суға бату, клиникасы, диагностикасы, шұғыл көмек;
- ӨЖЖ әдістері, жүрекке тікелей емес массаж;
- госпитальға дейінгі сатыда өкпе – жүрек реанимациялық іс – шаралардың тиімді критерилері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Шағын топтардағы жұмыс

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Клиникалық жағдайды талдау (CbD – Casebased Discussion).

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

Бақылау тесттері

1. Бір адам үлкендерге өкпе-жүрек реанимациясын жүргізген кезіндегі дем беру мен компрессияның арақатынасы:

- А) 2 :15
- Б) 3 :4
- В) 1 :5
- Г) 2 :4
- Д) 3 :4

2. Тыныс жолдарының өткізгіштігін қалыптастыру кезіндегі Сафардың үштік әдісі ... болып табылады.

- А) басын максимальды шалқайту, астыңғы жағын алдыға қарай тарту, ауызды ашу
- Б) арқасымен жатқызу, басын жанына қарай бұру, астыңғы жағын алдыға қарай тарту
- В) арқасымен жатқызу, басын алдына қарай еңкейту, астыңғы жақты тарту
- Г) арқасымен жатқызу, иық ортасына валик қою, астыңғы жақты тарту
- Д) ішімен жатқызу, басын ішіне қарай еңкейту, астыңғы жақты тарту

3. Реанимация шаралары нәтижелілігінің көрсеткіші ... болып табылады.

- А) ұйқы артериясында пульстің пайда болуы, көз қарашығының кішіреюі+
- Б) кеуде клеткасының экскурсиясының жоқтығы
- В) көз қарашығының- кеңеюі
- Г) ұйқы артериясында пульстің болмауы
- Д) рефлексстердің жоғалуы

4. Аппаратпен ӨЖЖ жүргізу әдісінің ұзақтығы... минут.

- А) 30
- Б) 15
- В) 10
- Г) 40
- Д) 50

5. Нормотермия бойынша клиникалық өлімнің ұзақтығы ... минут.



А) 5

Б) 1-2

В) 25-30

Г) 8-10

Д) 20

6. Үлкен адамдарда ӨЖЖ жүргізгендегі бір минуттағы тыныс алу жиілігі... рет.

А) 17-20

Б) 8-10

В) 30-32

Г) 20-24

Д) 40

7. Клиникалық өлімнің белгілеріне ... жатады.

А) естің жоғалуы, ұйқы артериясында пульстің жоқтығы, тыныстың жоқтығы

Б) естің кіресілі-шығасылы болуы және қозуы

В) ұйқы артериясындағы пульстің жіп тәрізді болуы

Г) тыныстың бұзылмағаны

Д) есінің анықтығы

8. Жүректің жабық массажын жасау кезінде негізгі асқынуларға ... жатады.

А) қабырғалардың сынуы

Б) бұғананың сынуы

В) трахеяның зақымдануы

Г) омыртқаның сынуы

Д) жамбас сүйегінің зақымдануы

9. Жаңа туылған нәрестеге жүрекке жанама массаж ... жүргізіледі.

А) бір саусақпен

Б) екі қолдың саусақтарымен

В) оң қолдың 4 саусағымен

Г) оң қолдың саусақтарының проксимальды бөлігімен

Д) қолдың 3 саусағымен

10. Жаңа туылған нәрестеге жүрекке жанама массаж жүргізу кезіндегі кеуде клеткасының басу тереңдігі ... см.

А) 1,5-2

Б) 4-6

В) 5-6

Г) 7-8

Д) 3

Бақылау есептер

1. 39 жастағы әйел абайсызда ыдыстағы қайнаған суды үстіне төгіп алды. Қарағанда: кеуденің , санның алдыңғы беткейіндегі терісі бірден қызарған, көпіршіктер пайда болған, кейбір жерлерде көпіршіктер ашылып, ақшыл терілер көрінеді. Санасында тежелу байқалады. ҚҚ 70/50 мм.сын.бағ., ЖСЖ минутына 80 соққы. Сіздің болжам диагнозыңыз:

2. Электр сымы құлаған кезде электр тогымен зақымдалды. Есі жоғалған. Көкірек қуысы қозғалыссыз. Ұйқы артериясының соғысы тез, әлсіз. Оң қолының саусақтары күйген.

Төмендегі келтірілген шаралардың қайсысын дәрігерге дейінгі емдік мақсатта осы науқасқа пайдалануға болады:

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 36беті	

№ 13 сабақ

1. Тақырыбы: Көптік жарақат алған зардап шегушілерді диагностикалау ерекшеліктері және шұғыл жағдайларда медициналық көмекті көрсету.

2. Мақсаты: Көптік жарақаттың негізгі ерекшеліктерімен көптік, ұйқасқан, комбинерленген зақымдалу кездерінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетудің негізгі ерекшеліктерімен танысу. Көптік жарақаттың жіктелуін, ауырлық дәрежесін, өмірге маңызды ағзалардың қызметтерінің бұзылуын қауіптілігін үйрену. Тақырыпты меңгерген соң, студент бақылау жұмысының өзіне тиісті варианттарын орындау қажет.

3. Оқыту міндеттері:

- студенттерге көптік жарақаттың сипатын анықтауды үйрету;
- көптік жарақат кезінде көмек көрсету ережелерін үйрету;
- көптік жарақаттану кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмектің ауқымымен кезектілігін анықтауды үйрету;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базисті білімі бойынша:

- жарақат туралы түсінік;
- жарақаттың жіктелуі;

Сабақ тақырыбы бойынша:

- бас-ми дарақатының белгілері және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету алгоритмі;
- ұзақ уақыт жаншылу синдромының белгілері және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету алгоритмі;
- баротравма туралы түсінік және бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету алгоритмі;
- жарақаттық ауру туралы түсінік;
- көптік жарақат кездерінді тасымалдауды ұйымдастыру және оның ерекшеліктері;
- жарақаттық шоктың алдын алуға арналған дәрілік заттар;

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

ТДО-да жұмыс

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:

Клиникалық жағдайды талдау (CbD – Casebased Discussion).

7. Әдебиет:

Соңғы бетті қараңыз.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

Негізгі білімін бақылау тесттері

1. Жәбірленушіге медициналық диагноз қойып, бірінші медициналық құжаттамаларын ... көрсету кезеңінде толтырады.

- а) дәрігерге дейінгі медициналық көмек
- б) бірінші дәрігерлік көмек
- в) бірінші медициналық көмек
- г) мамандандырылған медициналық көмек
- д) бірінші дәрігерге дейінгі көмек

2. Бірінші медициналық көмек көлеміне ... кірмейді.

- а) қан және қан алмастырғыштарды құю
- б) мүмкін болатын ауыр асқынулардың алдын алу
- в) жәбірленушіні эвакуацияға дайындау
- г) жәбірленушіні зембилде тасымалдау
- д) жарақаттаушы фактордың әсерін доғару

3. Бірінші медициналық көмек көлеміне ... кіреді.

- а) сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату
 - б) қан және қан алмастырғыштарды құю
 - в) жараны біріншілік хирургиялық өңдеу
 - г) қантамырды ұзына бойы тігу
 - д) қан тамырға тігіс салу
- 4.Қаңқаның қандай зақымдалуы политравма деп түсінік береді:

- а) сүйектердің жарықшақтанып сынуы
- б) көптік және қосарланған жарақат
- в) сүйектің сынуы мен буынның шығуы
- г) ірі қан тамырлардың зақымдалуы мен сүйектің сынуы
- д) нерв жүйесі мен сүйектің сынуы

5.Түрлі жарақатта өлімнің жоғары болуы себебі:

- а) остеомиелиттің дамуы мен ашық жарақат салдарынан сепсиспен асқынуы
- б) травмалық шок , қан жоғалту
- в) зәр шығару жүйесінің зақымдалуы
- г) терінің ойылуының дамуы
- д) іркіліс пневмониясы

Қорытынды білімін бақылау тесттері.

1. Ұзақ уақыт жаншылу синдромы кезінде жәбірленушіге толық көлемді көмек ... кезінде көрсетіледі.
- а) дәрігерлік медициналық көмек көрсету
 - б) мамандандырылған медициналық көмек көрсету
 - в) квалифицерленген медициналық көмек көрсету
 - г) дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету
 - д) медико-әлеуметтік көмек көрсету
2. Ұзақ уақыт жаншылу синдромы кезінде декомпрессиядан кейін қанға эндотоксиндердің «жаппай» түсуінің алдын алу мақсатында салынған жгут ... жағдайларында шешілмейді.
- а) магистралды артериалардан қан кету
 - б) паренхиматозды ағзалардан қан кету
 - в) аяқ-қолдардың 8 сағат және одан да ұзақ уақыт бойы компрессиясы
 - г) барлық
 - д) аяқ-қолдардың көктамырларынан қан кету
3. Сынықтың негізгі белгілеріне ... тән.
- а) жарақаттанған аяқтың немесе қолдың патологиялық қозғалғыштығы және зақымданған аймақта сүйек сықыры
 - б) зақымданған аяқтың немесе қолдың абсолютті қысқаруы және буынның қалыптан тыс өзгеруі
 - в) зақымданған аймақта сүйек сықыры және жарақаттанған аяқтың немесе қолдың ұзаруы
 - г) зақымданған аяқтың немесе қолдың ұзаруы және сол аймақтың шамалы ісінуі
 - д) зақымданған аяқтың немесе қолдың ұзаруы және сырт пішінінің өзгеруі
- 4.Сынық кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында ... болады.
- а) гипс таңғышын салуға
 - б) қажет жағдайда сүйек сынықтарын үйлестіруге
 - в) жараланған жерден сыртқа шығып тұрған сүйек сынықтарын орнына салуға
 - г) жәбірленушіні иммобилизациясыз тасымалдауға
 - д) ауырсынуды басатын дәрілерді, сонымен қатар наркотикалық дәрілерді қолдануға
5. Сынық кезінде бірінші көмек көрсету барысында ... тыйым салынады.
- а) тасымалдау иммобилизациясын жүргізуге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 38беті	

- б) шокқа қарсы іс-шараларды жүргізуге
 в) жарақаттанған жерден шығып тұрған сүйек сынықтарын асептикалық таңғышпен жабуға
 г) жарақаттанған жерден шығып тұрған сүйек сынықтарын алып тастауға
 д) қажетті жағдайда жгут салуға
6. Басты иммобилизациялау әдісіне ... жатады.
 а) Шанцтың мақта-дәкелік жағасын салу
 б) жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
 в) «телпек» таңғышын салу
 г) жәбірленушінің басын зембілге байлап бекіту
 д) жәбірленушіні горизонтальды жатқызу
7. Омыртқаның мойын бөлігін иммобилизациялау әдісіне ... жатады.
 а) қатты беткейге горизонтальды қалыпта жатқызу
 б) жәбірленушінің басын зембілге байлап бекіту
 в) Шанцтың мақта-дәкелік жағасын салу
 г) жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
 д) жәбірленушінің басын көтеріп, арқасымен жатқызу
8. Омыртқаның төменгі кеуде және бел бөлігін ... арқылы иммобилизациялайды.
 а) бір бүйірімен жатқызу
 б) «бақа» қалпында етбеттеп жатқызу
 в) жәбірленушінің зембілге байлап бекіту
 г) тегіс, қатты беткейге ішімен жатқызу
 д) Крамер шендеуішін салу
9. Электрожарақат кезінде көмек көрсету ... басталуға тиісті.
 а) жүрекке тікелей емес массаж жасаудан
 б) электр тогының әсерін тоқтатудан
 в) прекардиальді соққыдан
 г) өкпені жасанды желдендіруден
 д) жара бетін өңдеуден
10. Жылу немесе күн сәулесінің соққысы кезінде, бірінші дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетудің негізгі элементі:
 а) жәбірленушіні суыту
 б) ыстықты түсіретін дәрілер тағайындау
 в) алкогольді сусындарды ұсыну
 г) жәбірленушіні жылыту
 д) асқазанды жуу

Ситуациялық есептер

Есеп №1

Құрылыс кезінде 27 жасар құрылысшы 5 этаждан құлап, жартылай жарақат алған. Қараған кезде науқас сұрақтарға жауап береді, АҚ- 80/40 мм сн бб, пульс-120рет/мин. Іші жұмсақ, ауырсынусыз. Оң иықтың с/3 деңгейінде деформация және патологиялық қозғалыс. Өсытік жүктеме өткір ауырсынулы, сонымен қатар құсуға, бас айналуына шағымданады.

Сіздің диагнозыңыз?

Науқасты жүргізу тактикасы және емі қандай?

Есеп №2

Науқас 22 жаста, мынадай шағымдармен жедел жәрдем бригадасын шақырды: кеуде тұсының ауырсынуы, ентігу. Анамнезінен: 2сағ бұрын 1,5метр жоғарыда

құлаған.Объективті жалпы жағдай орташа ауыр дәрежеде,тері жамылғысы бозғылт,ысғалды,щырышты қабат бозғылт,ТЗ9.2-,тынысы қатқыл,ТЖ-30 жүрек тондары тұйықталған,ырғақты,пульс110 рет мин,тілі құрғақ,іші пальпация кезінде кернелген,Щеткин Блюмберг исмптомы оң.

Сіздің диагнозыңыз?

Науқасты жүргізу тактикасы және емі қандай?

№ 14 сабақ

1. Тақырыбы: Уланулар. Диагностика және шұғыл жағдайларда медициналық көмек.

2.Мақсаты: Уланулардың жіктелуін, тағамдық уланулардың сипаттамасы, клиникалық көрініс үйрену. Тұрмыста қолданылатын химиялық заттармен, ысты газбен, көміртектің қос тотығымен улану жағдайларымен және олардың клиникалық көріністерімен танысу. Улану кезіндегі жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеру. Антидоттарды таңдау және қолдануды үйрену. Құсу, ықылық тию, іш өту мен қату кездерінде көрсетілетін алғашқы көмек шараларын үйреніп, улар, улану, интоксикация туралы түсінікпен танысу.

Тақырыпты меңгерген соң, студент бақылау жұмысының өзіне тиісті варианттарын орындау қажет.

3.Оқыту міндеттері:

- студенттерге улануды, диагностикалауды үйрету;
- студенттерді «тағамдық токсикоинфекция» түсінігімен таныстыру
- улану кезінде көмек көрсетуді үйрену;
- құсу, ықылық, іш өту, іш қату кездерінде көмек көрсетуді үйрету;
- улану кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетудің ауқымы мен кезектілігін анықтауды үйрету;

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Базисті білімі бойынша:

- уланудың анықтамасы және жіктемесі;
- уланудың, тағамдық токсикоинфекцияның этиологиясын, патогенезін және клиникасы білу;

Сабақ тақырыбы бойынша:

- түрлі уланудың ерекшеленетін белгілері;
- тағамдық токсикоинфекцияның негізгі симптомдары;
- улану жағдайында жедел және шұғыл жағдайларда медициналық жәрдем көрсетуде қолданылатын дәрілік және антидоттар;
- улану және тағамдық токсикоинфекция кездерінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсету шараларының ауқымы және кезектілігі;

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:

Ауызша сұрау

6.Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: Соңғы бетті қараңыз.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

1.Ересек науқастың асқазанын зонд тәсілімен нәтижелі жуу үшін ... кем емес су қажет.

- а) 15 литрден
- б) 5 литрден
- в) 2 литрден
- г) 10 литрден



д) 500 мл-ден

2. Медициналық көмек көрсетудің ауруханаға дейінгі кезеңінде антидотты терапияны қолдану үшін ... қолданбайды.

а) сутек асқын тотығын

б) ақ лайды

в) магний тотығын

г) активирленген көмірді

д) энтеродезді

3. Тағаммен улану белгілеріне жатпайды.

а) лоқсу, құсу;

б) іштің толғақ тәрізді ауырсынуы;

в) жиі сүйық нәжіс;

г) дене қызуының 38-40°C-ге дейін жоғарылауы

д) дене қызуының төмендеуі

4. Ботулизмнің негізгі белгісіне ... жатады.

а) аурудың белгілері консервіленген тағамдарды жегеннен соң 12-24 сағаттың ішінде пайда болуы

б) аурудың белгілері консервіленген тамақты жегеннен соң, лезде пайда болуы

в) дене қызуының 38-40°C-ге дейін жоғарылауы

г) дене қызуының төмендеуі

д) сілекейдің мөлшерден тыс бөлінуі

5. Саңырауқұлақпен уланудың негізгі белгілеріне ... тән емес.

а) нәжістің кідіруі

б) сілекейдің мөлшерден тыс бөлінуі

в) бас ауыру және бас айналу

г) көз көрудің нашарлауы, галлюцинация

д) іштің ауыруы, құсу, іш өтуі

6. Тағаммен улану кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету барысында, бірінші кезекте ...

а) емдеу мекемесіне тасымалдайды.

б) парэнтеральді дегидратация жасайды.

в) асқазанды жуады.

г) тұзды, іш жүргізетін дәрілерді тағайындайды.

д) дене қызуын төмендететін дәрілерді тағайындайды.

7. Асқазанды удан ... арқылы нәтижелі тазартады.

а) асқазанды жуу

б) жасанды құсық шақырту

в) ішке активирленген көмірді қабылдау

г) тазалау клизмасын жасау

д) инфузиялық терапия

8. Қышқылдармен және сілтілермен уланған кезде асқазанды ... жуады.

а) жылы сумен

б) мұздай сумен

в) бейтараптандыратын ерітінділермен

г) бөлме температурасындағы сумен

д) 4-5 стақан суды қолдану арқылы аз мөлшерден бастап

9. Сірке қышқылымен (эссенциямен) уланған кезде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында ... қолданады.

- а) асқазанды бөлме температурасындағы (18-20°C) таза сумен жууды
 б) сүтті көп мөлшерде ішкізуді
 в) асқазанды лимон қышқылының әлсіз ерітіндісімен жууды
 г) асқазанды ас содасының 3% ерітіндісімен жууды
 д) асқазанды калий перманганаттың әлсіз ерітіндісімен жууды
 10. Алкогольмен улану белгілеріне ... тән емес.

- а) жөтел және қақырықтың бөлінуі
 б) жамбас қуысы ағзалардың еріксіз босатылуы
 в) бағытының жоғалуы, ұйқышылық
 г) бұлшықеттерінің әлсіреуі, қозғалысының шектелуі
 д) бетінің қызаруы, тынысының әлсіреуі, пульсінің жиілеуі

Ситуациялық есептер**Есеп №1**

Науқас 30 жаста. Созылмалы гастритпен ауырады, досының үйіндегі отырыстан кейін ішінде ауырсыну пайда болған, соған байланысты асқазан таблеткаларын қабылдаған. Бірнеше уақыттан кейінауыз қуысы құрғап, сөйлеу, жұтыну процесі қиындаған, көру қабілеті бұзылып, заттар екі еселеніп көрінген, енгіту, бас ауру, ерекше жүрек қағысына шағымданады. ЖЖ бригадасы қараған кезде: сандырақ, әртүрлі көріністердің көрінеді, жарықтан қорқады, сіреспеге дайындық анықталады. АҚ-115/75, пульс-90рет/мин, Т-38,2С.

Сіздің диагнозыңыз?

Көрсетілетін жедел көмек?

Есеп №2

Қонақүйде жас жігіт құрбысымен шампанский ішкен, шамалы уақыттан кейін бөлме тазалаушы кісі оның өз нөмірінде ессіз күйде тапқан, ЖЖ бригадасын шақырған. ЖЖ бригадасы қараған кезде санасы тежелген, сұрақтарға жауап бермейді, қарашықтары тарылған, фотореакция сақталған, шырышты қабаттары құрғаған, денесі мұздай термен қапталған, тынысы әлсіденген, ТЖ-рет/мин, АҚ анықталмайды, пульстің толу қасиеті төмен.

Сіздің диагнозыңыз?

Жедел көмегіңіз?

№ 15 сабақ

- 1. Тақырыбы:** Тыныс жетіспеушілік кезінде жедел және шұғыл жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру.
- 2. Мақсаты:** Қауіпті жағдайдағы науқастың мәселесін шешу үшін жедел және шұғыл жағдайларда медициналық іске асыру, жоспарлау, ұйымдастыру бойынша білім мен дағды қалыптастыру.
- 3. Оқыту міндеттері:**
 - студенттерге шұғыл медициналық көмек бригадаларының жәрдем мөлшері, құрылымы, жабдықталуы, ұйымдастырылуы жөнінде білім беру;
 - жиі кездесетін төтенше жағдайларда, апат медицинасы шұғыл жағдайлар кезіндегі мейірбикелік процесті жүзеге асыруды үйрету;
 - апат кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету, үйрету;
 - табиғи апат орындарында төтенше жағдайларда ұйымдастырылған, медициналық және жұкпалы – гигиеналық іс – шараларды іске асыруды үйрету;
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 - апат медицинасы түсінігі;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 42беті	

- төтенше жағдайлар түсінігі;
- анықтамалар мен терминдер түсінігі;
- төтенше жағдайларда тұрғындарды медициналық қамсыздандыру;
- төтенше жағдайларда жарақаттанғандарға шұғыл медициналық көмек көрсету.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері / технологиялары:
TBL

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: Ситуациялық есептерді шешу

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Қаныбеков А. Жедел медициналық жәрдем. Оқулық. "Sky Systems" 2017
2. Алпысова А.Р., Молодовская Н.А. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел көмек көрсету алгоритмдері. Алгоритмы оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе». Оқу құралы. "Sky Systems"
3. Мейірбикелік дағдылар оқулық / А. Қаныбеков – Алматы : Эверо, 2016. – 476 б. с.
4. Алпысова А.Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи. Уч.мет.пос. "Sky Systems" 2019
5. Омарова В.А. Омарова Т.Р. Неотложные состояния в клинике внутренних болезней: учебное пособие. "Sky Systems" 2018
6. Тұрланов, Қ. М. Жедел **медициналық** жәрдем/ Қ. М. Тұрланов, С. А. Қалқабаева. – 2-ші бас., толықт. және өңд. - Алматы : Эверо, 2014. – 444 с.
7. Красильникова, И. М. Дәрігерге дейінгі **шұғыл медициналық көмек:** оқу құралы / И. М. Красильникова, Е. Г. Моисеева ; жауапты ред. А. Н. Саржанова ; қазақ тіліне ауд. Г. Ж. Сағындықова. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2014. – 208 бет
8. Алпысова, А. Р. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел көмек көрсету алгоритмдері = Алгоритмы оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе : оқу құралы. – Караганда : АҚНҰР, 2015. – 120 б. с.
9. Вялов, С. С. Общая врачебная практика: неотложная медицинская помощь: учебное пособие / С. С. Вялов. – 6-е изд. ; Рек. Учебно-методическим объединением по мед. и фармацевтическому образованию вузов России. – М. : Медпресс-информ, 2014. – 112 с.

Қосымша:

1. Алпысова А.Р. Диагностика және жедел медициналық көмек көрсету алгоритмдері. Algorithm of diagnosis and emergency care. Оқу-әдістемелік құрал. "Sky Systems"
2. Алпысова А.Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи. Уч.мет.пос. "Sky Systems" 2019
3. Повышение качества медицинской помощи и безопасности пациентов в медицинских организациях : наглядное руководство / пер. с англ. Г. Э. Улумбековой ; под ред. С. С. Панисар. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 160 с.
4. Алпысова, А. Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи : учебно-методическое пособие / А. Р. Алпысова. – Караганда : АҚНҰР, 2016. – 176 с.
5. Қатерлі жағдайлар кезіндегі **шұғыл әрекеттер**] = Неотложные состояния при несчастных случаях = Emergency states in the case of accident : оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова Алматы : Эверо, 2015. – 168 б- 95 экз.
6. Алпысова, А. Р. Жедел жәрдем дәрігерінің тәжірибесіндегі төтенше жағдайлар: оқу-әдістемелік құрал / А. Р. Алпысова ; ҚР Денсаулық сақтау

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 43беті	

және әлеуметтік даму министрлігі. ҚММУ. – Караганды : АҚНҰР, 2016. – 178 б. с.

7. Қарқынды емдеу бөлімшесінің мейіргері: практикалық нұсқаулық / Ред. В. Л. Кассиль., қаз. тіліне ауд. У. Е. Ибраев. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016. – 312 бет ил.
8. Скорая медицинская помощь: национальное руководство / Российское общество скорой медицинской помощи ; под ред. С. Ф. Багненко и др. – М. : ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 888 с. : ил.

Электрондық басылымдар:

1. Утепов, Д. П. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті басқаруды іске асыру [Электронный ресурс] : дис. ... магистр акад. дәрежесін алу / Д. П. Утепов. – Электрон. текстовые дан. (702Мб). – Шымкент : ОҚМФА, 2015. – 64бет с.
2. Айламазян, Э. К. Неотложная помощь в акушерстве [Электронный ресурс] : руководство для врачей / Э. К. Айламазян. - 5-е изд., перераб. и доп. - Электрон.текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - 12298.00 Тг.
3. Первичная медико - санитарная помощь как приоритет в системе здравоохранения [Электронный ресурс] : лекционный комплекс / ЮКГФА. Кафедра: "Общественное здравоохранение - 1". - Электрон.текстовые дан. - Шымкент : [б. и.], 2015. - эл. опт.диск (CD-ROM) (291Кб).
4. Сейдахметова, А. А. Паллиативтік көмек [Электронный ресурс] : оқу құралы / А. А. Сейдахметова. - Электрон.текстовые дан. (702Мб). - Шымкент : [б. и.], 2016. - эл. опт.диск (CD-ROM).
5. Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел көмек көрсету алгоритмі / алгоритмы оказания неотложной помощи на догоспитальном этапе.Алпысова А.Р., Молодовская Н.В. , 2015 / <https://www.aknurpress.kz/reader/web/1352>
6. Жедел медициналық жәрдем.Қаныбеков А. , 2017/ <https://www.aknurpress.kz/reader/web/1346>
7. Диагностика және жедел медициналық көмек көрсету алгоритмі / algorithm of diagnosis and emergency care/ Алпысова А.Р. , 2015/ <https://www.aknurpress.kz/reader/web/1142>
8. Арынгазин, К.Ш., Мажимова, М.Б.Первая доврачебная помощь при несчастных случаях : Учебно-методическое пособие. / Сост. К. Ш. Арынгазин. - Павлодар: Кереку, 2013. - 73 с.<http://rmebrk.kz/>
9. ДубицкийА.А. Скорая медицинская помощь и тактика ведения больных при неврологических заболеваниях. Алматы, издательство Эверо -2020.- 172 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/2921/
10. Аканов А.А.Первичная медико-санитарная помощь. Часть I. Анализ ПМСП развитых странмира/А.А. Аканов, Т.С. Мейманалиев. – Алматы: идательство «Эверо», 2020 – 212 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/135/
11. Аканов А.А.Первичная медико-санитарная помощь. Часть II. Анализ ПМСП Казахстана /А.А. Аканов, Т.С. Мейманалиев. – Алматы: идательство «Эверо», 2020 – 108 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/138/
12. Каныбеков А.Сестринские технологии / Авторский коллектив А. Каныбеков,В.М. Ячменев, Е.Г. Жахметов, Ж. Каныбекова – Алматы:Эверо, 2020 - 304 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/842/

Электрондық ресурстар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Тәжірбелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулар	044-57/ () 45 беттің 44беті	

- Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
- Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
- Цифровая библиотека «Акнурпресс» - <https://www.aknurpress.kz/>
- Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
- ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
- информационно-правовая система «Заң» - <https://zan.kz/ru>
- Cochrane Library - <https://www.cochranelibrary.com/>

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.).

Бақылау тесттері

1. Апат деп бір мезетте ... адамдарды зақымдайтын жағдайды атаймыз.
 - А) 10 және одан көп
 - Б) 5- 6
 - В) 2 – 3
 - Г) 100
 - Д) барлық жауабы дұрыс
2. Апат дегеніміз...
 - А) көп адамдардың өлімі мен әлеуметтік зияндар.
 - Б) әлеуметтік зияндар
 - В) адамдардың өлімі
 - Г) барлық жауабы дұрыс
3. Апат медицинасы бұл төтенше жағдайдағы:
 - А) көптеген зақымдалушылармен сол ауданның денсаулық сақтау заттарының жетіспеуімен сипатталатын қисынсыз кезең
 - Б) табиғаттың өзгеше құбылысы
 - В) мамандандырылған әрекеттің ұйымдастырылуы
 - Г) зақымдаушы факторлар белсенділігі
4. Төтенше жағдайлардың жіктелуі:
 - А) 4 топқа
 - Б) 5 топқа
 - В) 2 топқа
 - Г) 3 топқа
 - Д) 1 топқа
5. Апаттың негізгі зақымдаушы факторы... бөлінеді.
 - А) 4 топқа
 - Б) 5 топқа
 - В) 2 топқа
 - Г) 6 топқа
 - Д) 3 топқа
6. Дезо байламын ... сынықтарында қолданады.
 - А) иық сүйектерінің
 - Б) бұғана
 - В) кеуде
 - Г) қабырғалардың
 - Д) жамбас
7. Жұмсақ байламға ... жатады.
 - А) торлы-түтікті бинт



Б) импровизирлі шина

В) Крамер шинасы

Г) гипсті байлау

Д) қысып байлау

8. Қатты байламға ... байлау жатады.

А) гипсті

Б) клеолды

В) лейкопластрлы

Г) коллоидты

Д) бинтті

9. Транспортты иммобилизацияда ... қолданылады.

А) Крамер шинасы

Б) Белер шинасы

В) Елизаров аппараты

Г) Цито шинасы

Д) қысып байлау

10. Кеуде зақымданғанда ... байламы қолданылады.

А) крест тәрізді

Б) Дезо

В) төменге қарай

Г) спиральды

Д) жоғары қарай

Бақылау есептер

1. Бас ми жаракатымен ауруханаға түскен науқастың сыртқы ортаға селқостығы, тітіркендіру ауырсынуына көз ашпауы, қозғалыс координациясының сақталмауы, еріксіз кіші дәретінің шығуы байқалады. Жалпы жағдайын бағалаңыз:

2. Көмір қышқыл газбен улану кезінде ауруханаға дейінгі көрсетілетін біріншілік көмек: